

## МАҢҒЫСТАУ ТОПОНИМИЯСЫНДАҒЫ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ДЕРЕККӨЗДЕРІ

**Көшімова Б.Ә.**

*Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инженеринг университеті, «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты*

«Қазақ халқының өткен дәуірдегі мәдени жетістіктерінің ішінен оның үш түрін ерекше атап өтуге болады. Олар: аса бай халық эпостары, неше түрлі ою-өрнек, әшекеймен нақышталған ісмерлік өнері және өзінің ұлылығын осы күнге дейін сақтап келген архитектуралық ескерткіштері» [1, 8 б.].

«Маңғыстау түбегі мен Үстіртті археологиялық қорық, ашық аспан астындағы мұражай деп тегін айтпаған, мұнда тарих пен мәдениеттің бірнеше мыңдаған ескерткіштері табылды. Оларда халықтың тағдыры, оның эстетикалық талғамы мен дүниетанымы көрініс тапқан» [2, 5 б.]. Маңғыстаудың тарихи ескерткіштері туралы А.Медоев: «Түбекте белгілі бір физикалық-географиялық және тарихи жағдайларға қарай көптеген тамаша сәулет ғимараттары, сондай-ақ бейнелеу шығармашылығының басқа да көрнекі үлгілері сақталған. Бұл жерде КСРО азиялық бөлігіндегі аумақта Маңғышлаққа тең келері жоқ» [3, 52 б.], – деп баға берген.

*Өлкеміздегі тарихи ескерткіштер өткен ғасырдың сексенінші жылдарынан бері, әсіресе еліміз тәуелсіздік алған жылдардан бері қарқынды зерттеліп келеді және өңірдегі тарихи-мәдени маңызы бар ескерткіштердің тізімі жасалып, мемлекет қорғауына ұсынылды.*

Маңғыстау облысының 2007-2009 жылдарға арналған «Мәдени мұра» өңірлік салалық бағдарламасының негізінде Тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөнінде ғылыми-әдістемелік кеңес құрылған болатын. Кеңес жұмысының басым бағыты – Маңғыстаудың өзіндік бедері, айшығы бар, көне дәуірдің қайталанбас қолтаңбасындай мұраларын сақтау болды. Үш жылға белгіленген бағдарлама аясында өңірдегі тарихи-мәдени ескерткіштердің 137-сіне қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізіліп, 24 ескерткішке қорғау тақталары орнатылған. Сондай-ақ 16 тарихи-мәдени нысаға қолданбалы зерттеулер мен археологиялық қазба жұмыстары жүргізілген. «Мәдени мұра» стратегиялық ұлттық жобасының 2009-2013 жылдарға арналған бағдарламасы қабылданған.

«Сәулет өнерінің классикалық жүйеге бөлінетін үлгісімен бұл өңірдің туындыларын бірнеше топқа жіктеуге болады. Азаматтық сарындағы (керуен

жолдары, керуен сарайлар, сардобалар, шығырлар, мен шыңыраулар және т.б.), бекініс орындары (қорғандар, қарауыл мұнаралар), діни құрылыстар (жер беті мен жер астынан салынған мешіттер, ғибадатханалар) болып, жік-жікке бөлінеді [4, 4 б.].

Маңғыстау облысы бойынша 195 ескерткіш мемлекеттік қорғауға қабылданған, оның ішінде 21-і республикалық мәртебеде. Олар археологиялық ескерткіштер, тас дәуіріндегі елді мекендердің орындары, қола мен темір дәуірінің діни-қабірлеу кешендері, ортағасырлық Ұлы Жібек жолындағы қалалар, керуен-сарай сияқты ғажайып ескерткіштер.

Археологиялық ескерткіштердің ішінде *Тоқсанбай, Айтман, Манайсор I, II, III* т.б. ерекше атауға болады. Мұнда әр жылдары Ә.Марғұлан атындағы Археология институтының мамандары жіберілді. Қазба жұмыстарды, негізінен З.Самашев, А.Ермолаева, Т.Лошакова жүргізген. Олар Арал-Каспий теңіз аралығындағы энеолит-қола дәуіріне жататын ескерткіштер болып табылады. Осы археологиялық қазба жұмыстары жүргізілген бірнеше ескерткіштерге тоқталайық:

*Тоқсанбай.* «Тоқсанбай қонысының мәдени қабаты үш метрге жетеді. Радиоуглеродтық сараптама нәтижесі бойынша бұл жерге адамдар алғаш 4133-4075 жылдар аралығында қоныстанып, мекендерін 3240 жыл бұрын тастап кеткен. Тоқсанбайдың үйлері дөңгелек пішінді. Үйдің негізін қырынан қойылған плиталар құрайды. Ал үстіңгі бөлігін тастарды көлденеңнен қойып көтерген. Шатыры ағаштан. Барлық үйде кездесетін ошақтар тамақ пісіру үшін және үй жылыту үшін пайдаланылған. Тоқсанбайлықтар мал шаруашылығымен, аңшылықпен айналысқан, кен өндірген, қыш ыдыстар жасаудың технологияларын жетік білген, тас өндірісін жақсы дамытқан, сондай-ақ ағаш, тері, мата өңдеген. Қоныстан табылған заттардың басым бөлігін қыш ыдыстар құрайды. Бұл ыдыстарды құрамында бор, шпат, кварцы бар сазға ұлу мен малдың тезегін қосып жасап, 700 температурада күйдірген. Мыстан жасалған пышақтар, тескіштер, әшекей бұйымдары, егеуіштер табылды. Сонымен қатар тас, сүйек, мүйіз, ағаш сияқты материалдарды да еркін пайдаланған. Қаланың Тоқсанбай аталуы XIX ғасырда осы маңда өмір сүрген жергілікті қазақтардың бірінің есіміне байланысты болуы мүмкін делінеді» [5, 23 б.].

«Аталмыш уақыттан бері Үстірттің батыс бөлігінен табылған, тұрғызылған уақыты б.з.д. IV-II ғғ. яғни, ерте темір дәуіріне жататын сармат заманының жиырмаға жуық ғибадатхана (*Бәйте I, Бәйте II, Бәйте III, Қарамөңке, Терең, Түбіжік, Қызылүйік және Қайнар* т.б.) зерттелді» [6, 253-254 бб.].

*Бәйте ғибадатханасын* Маңғыстау ауданындағы Бәйте ауылының маңынан белгілі археолог Л.Галкин ашқан. Алдымен, *ғибадатхана* сөзінің беретін мағынасы – «жалбарыну, сиыну, яғни құдайға құлшылық ететін, діни рәсімдер мен парыздар атқарылатын ғимарат, нысанның жалпы атауы. *Бәйте ғибадатханасы* «солтүстік шығыстан, оңтүстік батысқа қарай тізіле орналасқан үш ғибадатханадан тұрады. Біріншісінің аумағы 50 мың м<sup>2</sup> алаңды алса, негізгі бөлігі: сырт көріністе биіктігі 3 метрден астам, қалап тұрғызылған, топырақ басып қалған оба. Айналасында бірнеше үйінділер бар. Оңтүстігіне таман құрбандық шалып, еске түсіру рәсімін жасайтын 15-тен астам тас шеңберлер орналасқан. Осы тұста аумағы 100+50 м<sup>2</sup> алаңда 25-тен астам мүсіннің қалдықтары сақталған. Екінші ғибадатхана осы арадан 1,5 шақырым оңтүстік бағытта. Осы жерден тас қашайтын шеберхана мен мүсін жасауға қажетті тас алынған орын табылған. Үшінші ғибадатхана біріншісінен оңтүстік батысқа қарай 5 шақырым қашықтықта. Оның аумағы 50 мың м<sup>2</sup>. Негізгі бөлігінің биіктігі 3 м-ге жуық, іші-сыртын түгел топырақ басып қалған. Қабырғасы арнайы қашалған текше тастан қаланып, төбесін тіреп ұстайтын ортасындағы жалпақ тіреумен ғибадатхана іші төрт бөлікке бөлінген. Оның бір бөлігінде баспалдаққа және өзге бөлігінің еденіне тегіс жалпақ тастар төселген. Ғибадатхана ішінде құрбандық шалар тас сәкі бар. Қабырғасына сармат таңбалары мен жылан, бұғы, арба, балық және садақ атқан адамдардың суреттері салынған. Осы айтылған бейнелер ғибадатхана маңайынан табылған тас мүсіндерде де кездеседі. Мүсіндердің оң жақ қолдары түзу, ал сол қолы шынтағына бүгілген қарулы жауынгер бейнесінде берілген [6, 254 б.].

*Дықылтас.* «Кейінгі темір ғасырының ескерткіштерінің қатарына өткен ғасырдың 90-жж. соңында белгілі қазақ археологтары З.Самашев пен В.Ольховскийдің облыстың Түпқараған ауданынан тапқан *Дықылтас* жерлеу орындарының кешенін жатқызуға болады. Маңыздылығы бойынша кешен, ежелгі заманның жарқын монументальды өнер ескерткіштерінің қатарына жатады. Ескерткіштің басты нысаны болып, жергілікті қайыршықтан жасалған, тас бағаналармен толықтырылған, архитектуралық және идеологиялық тұрғыда күрделі жерлеу ғұрпының ғимараттары болып табылады» [2, 11 б.]. «Жерленген мәйіт саны 30-ға тарта, көптеген қару-жарақ, әшекей, шаруашылық бұйымдар табылған [7, 255 б.].

«*Қарамөңке*» ескерткіші Маңғыстау ауданының территориясында орналасқан. «Оны 1992-93 жж. БҚАЭ –ның Үстірт атты арнайы жасақталған тобы зерттеген. Ескерткіш типологиялық ерекшелігі жағынан «бәйтелік» ғибадатханалар қатарына жатады. Өйткені осындай ғибадатханалардың 15

шақты түрі Маңғыстау және Бейнеу аудандарына қарасты территориядан табылған [6, 255 б.].

«Бұл күнде Маңғыстаудың, әсіресе Үстірт бетіндегі ежелгі отырықшылық кезеңінің ескерткіштеріне, жүйелі археологиялық зерттеу жүрген емес. Дегенмен де қазіргі кезде Маңғыстау облысы жерінде 50-ге жуық қала мен мекен атауы белгілі болып отыр. Оларға: *Алан қала, Ақтөбе, Білеулі керуен сарайы, Дәукескен, Жаңқала, Қосқұдық, Көптам, Кетік, Қараған қала, Қаңға-баба, Емір, Қызылқала, Кендірлі, Ескі Бейнеу, Тоқсанбай, Түлкілі қамал, Сағындық мүйісі, Шұқырауыл қамалы, Шорым тауы, Маңсуалмас, Сам, Он бесінші разъезд, Шерқала, Уәлі қаласы, Жезді, Сарытас т.б*» [7, 275 б.] жатады.

Маңғыстаудағы ежелгі қалалар туралы мол мәлімет С.Шалабаев, Е.Өмірбаев, Қ.Сыдиықовтың «Маңғыстау» кітабында берілген. Өлкедегі *Маңғыстау қаласы, Теміртапқан-Байтақ қаласы, Қабақты қаласы, Уәлі, Үшқан, Бейнеу, Ұзынбас т.б.* қалалар туралы, олардың орны, табылған жәдігерлері жөнінде баяндайды. Ежелгі *Маңғыстау қаласының* орны туралы: «Маңғыстау қаласы, тарихшылардың жобалауынша, X-XII ғасырларға дейін өмір сүрген. Есімін жарты аралға берген бұл қала қайда кеткен, бұл аймақ монғол шабуылына ұшырады ма, әйтпесе басқа апатқа ұшырады ма? Ол белгісіз. Қайткен де монғол жорығынан кейінгі кезде Маңғыстау қаласы құжаттарда кездеспейді. Бұл қаланың із-түссіз кетуіне қарағанда, табиғат сұрапылына ұшырауы да ықтимал. Мұны айтуымызға себеп – Каспий деңгейінің әр дәуірде әр түрлі өзгеріске ұшырауы» [8], – деп жорамалдайды.

*Қызылқала.* Маңғыстау облысында Шетпе ауылынан 10 км солтүстік-батыста. 2004 жылы жергілікті археологтар А.Астафьев пен М.Қалменов Маңғыстау ауданындағы ортағасырлық *Қызылқала* қалашығына қазба жұмыстарын жүргізді. Қазба жұмыстарының қорытындысы туралы археологтар мынадай мәліметтер береді: «Қазба жұмыстары кезінде табылған ыдыстардың сынығына қарап, Қызылқаланың салыну кезеңдері X-XI ғасырларға жататыны анықталды. Қолға түскен жәдігерлерге сүйенсек, қала Ұлы Жібек жолының белгілі бір тармағы болған. Қаланың тарихи бекінісі өңделмеген кірпіштен салынған. Қаланы қоршай салынған қабырғаның қалыңдығы 3 метр болса, биіктігі 5 метрге дейін барған. Оның бұрыштарында және араларында биік мұнаралары болған. Бекіністі қоршай кварталдар мен бөлек усадьбаларға бөлінген қала болған. Қала тұрғындары егіншілікпен айналысқан. Қаланың солт.-шығысында таудан аққан бұлақтың, жаңбыр, қар суын жинайтын үлкен бөгет болған. Бұл жерде темір мен мыс өңдейтін күрделі өнер дамыған, қаланың оңт. жағын керамикалық ыдыстарды күйдіретін пештің орны сақталған. Әсіресе жылтыратылған қыш

бұйымдарын жасау жақсы дамыған. Үйлердің алдына, кейбір бөлмелерге өрнек салынған. Қаланың негізгі тұрғындары колөнершілер мен саудагерлер деген ойдамыз. Қаланың жобасын сызу үстінде әртүрлі бағыттарға қаратып салынған адамдар тұрағы анықталды. Бұның өзі осы қалада әртүрлі діни бағыттағы адамдардың тұрғандығын растайды да [9, 4-5 бб.].

*Кетікқала* – қазіргі Форт-Шевченко мен Аташ кентінің арасында, тау етегіне жақын орналасқан. Бұл қалаға жергілікті археолог Андрей Астафьев зерттеу жүргізген. «Сол заманда теңіз деңгейі қазіргіден екі метрдей жоғары болған, демек теңіз жағалауы Кетікқала тұрған жерге жақын келген. Өте ыңғайлы айлақ болғанға ұқсайды. Жалпы көлемі 15-16 гектар болатын осы қала орнынан сол замандағы әзірбайжан, түрікмен ақшалары табылған, демек Кетікқала өз дәуірінде үлкен порттардың бірі болған. Орталық Азияның, Қытайдың, Парсының керамикалық ыдыстарының сынығы, бұл қаланың үлкен керуен жолдарының түйіскен жері, маңызды сауда орталығы болғандығын айғақтайды. Керуен сарайдың орны табылды. Бұл қала 14-ғасырдың 2-жартысында Венециядан келген көпес сызған картада бейнеленген екен. Ол картада Кетікқала «Мелмесселмах» деп беріліпті. Сондай-ақ Форт-Шевченконың аумағында ескі қала тек Кетікқала емес, *Қорғантас* деген де қала бар боп шықты. Форт-Шевченкоға жақын Қошак шығанағында *Қарақала* деген кенттің орны зерттеуді күтіп жатыр» [10], – дейді археолог А. Астафьев .

Міне бұл қалардың бәрі – Маңғыстауды мекендеген халықтардың өркениетті болғанын дәлелдейтін тарихи дерек.

«Батыс Қазақстан археологиялық ескерткіштерін мақсатты түрде зерттеу соғыстан кейінгі жылдары Т.К.Басенов пен М.М. Меңдіқұловтың бастауымен қолға алына бастады. 1940-шы жылдардың аяғында ҒА экспедициясы Ембі өзенінің ағысы мен Сам құмына дейінгі аралықтағы археологиялық ескерткіштерді зерттеді. Сөйтіп, олар алғаш рет XVIII-XX ғасыр аралығындағы бірегей сәулет кешендерін ғылыми айналымға енгізді. Бұл экспедиция «ескі ноғай» жолындағы, яғни Шағырлы-Шөлқұмнан Сам құмының аралығындағы *Көптам*, *Сүндет*, *Артық*, *Омар-Тұр*, *Амантұрлы*, *Әжімұрат* мазарларын зерттеген.

Т.К.Басенов Сам ескерткіштері туралы: «Қазақстан сәулетінде Үстірттегі Сам ескерткіштері айрықша орын алады. Олардың бірегейлігі, толыққандылығы, дәстүрлілігі Қазақстан сәулет өнері мен құрылыс тарихында ерекше маңызға ие», – деп баға береді [11, 20 б.]. Осы экспедиция барысында Көптам керуен сарайын тауып, суреттеп берді. «Көптам ескі қонысы Сам құмынан 10 шақырым, керуен жолынан 8 шақырым

қашықтықта. Көптам ескі қонысының қалдықтары, шынымен де, мықты іргетасы бар қаланың жұрнағы екендігін дәлелдейді [11, 25 б.].

40-50 жылдары Маңғышлақ пен Үстірт ескерткіштері М.Мендікұловтың еңбектерінде сәулет-өнері ретінде ерекше бағасын алды. Онда алғаш рет *Шопаната, Масатата, Қамысбай, Сисемата* т.б. мәдени кешендері зерделенді. «Солардың ішіндегі ғажап ғимараттың бірі – *Шақнақата мешіті*. Сарытас қолтығының жағасында (X-XIV ғғ.) жартастан қашалып жасалған жер асты мешітін жергілікті жұрт киелі, қасиетті орын ретінде қадір тұтып, қастерлейлі. Тұрпатының жобасы (крест) қосу тәрізді болып көрінеді. Екі қалталы терең ойықпен қуысталған үңгірлер әртүрлі мөлшерге сай етіп ойылған шаңырақ тектес дөңгелек тесіктен жарық түсіп, ауа кіреді. Орталық төбе тесігінің сыртынан төрт бұрышты сағана там секілді құрылыс тұрғызылған. Орталық ғибадатхана бөлмесінің төрт бұрышынан тірек бағаналар қойылған. Жарты шар секілді дөңгелек ойықты күмбез оған көлбеу салынған сүйір аркалары, бағаналардың үстіңгі иіндері (капитель) де ешбір қайталанбас құрылыммен салынып, ерекшеленіп тұр [4, 5 б.].

Хорезмнен Үстірт, Ембі арқылы Повольжеге дейінгі аралықтағы ортағасырлық сәулет-археологиялық ескерткіштерді (керуенсарай, құдық т.б.) Хорезмнің археолого-этнографиялық экспедициясы қарастырды. Экспедицияның жетістіктері ретінде мыналарды атап өтуге болады: 1) таскамалдар мен мұнаралардың салыну жүйесін; 2) X-XI ғғ. Барса-Келместің оңтүстігінен Маңғышлаққа және Белеуліден Орталық Ембі, Орал, Еділгі шығатын екі сауда жолын алғаш рет тапқан еді. Экспедиция жетекшісі С.П.Толстов экспедиция нәтижелерінен мынадай құнды мәліметтер береді: «Бұл соңғы жол, яғни X ғасырдың басында Ибн-Фадлан жүріп өткен сауда жолы, осы ғасырдың екінші жартысында күйдірілген тастан салынған керемет керуенсарайлар мен арасы бір-бірінен 25 км қашықтықта орналасқан құдықтары бар жол еді. *Белеулі* ескі жұрты осы топқа жататын керемет ескерткіш болып табылады. Бұл – X-XI ғасырда мықты ашық сары түсті ұлутастан салынған керуенсарай. Сарай 2 қабаттан тұрады. Бұрыштарында - домалақ мұнаралар, кіреберіс биік арка болып келеді. Онда екі жағынан арыстан бейнесі салынған. Белеулі – Орта Азиядағы ең ортағасыр тас ескерткіші» [12, 347 б.].

Маңғыстаудың тарихи ескерткіштерін зерттеген С.И Әжіғалидің «Генезис традиционной погребально-культовой архитектуры Западного Казахстана» атты еңбегін атап өтуге болады [13]. Монографияда Арал-Каспий көшпенділерінің мемориалдық-ғибадат ескерткіштері ерекше кешенінің шығу тегінің тораптық мәселелері қарастырылған. Батыс Қазақстанның

жерлеу-ғибадат сәулетінің шығу тегінің этнотарихи алғышарттары талданған.

Бұл ескерткіштердің бәрі де ерте көшпенділер кезеңін зерттеуде, сондай-ақ тайпалардың өмір сүрген дәуірінің этномәдени жағдайының шынайы суреттемесін жасауда аса маңызды дерек көзі болып табылады. «Ұлан байтақ Қазақстанның жері адамзаттың ең алғашқы қоныстарының, сонда-ақ, ерте дүниедегі көне мәдениеттің орталық мекендерінің бірі болғанын әлемдік тарих ғылымы әлдеқашан-ақ мойындаған. Ондағы молалар мен обалар, қорғандар, көне кен өндіру орындары, мыс пен алтын қорыту ошақтары, құлпытастар мен сынтастар, қола дәуіріндегі балбал тастар мен тас мүсіндер т.б. қазақ жерінде көне дәуірдің өзінде-ақ өркениет болғанын дәлелдейді [4, 3 б.].

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

- 1 Марғұлан Ә. Қазақ халқының сәулет өнері//Білім және еңбек, 1964, №5, 8-10 бб.
- 2 Маңғыстау тарихы. – Ақтау, 2006, -154 б.
- 3 Медоев А. Подземная архитектура кочевиков полуострова Мангышлак//Простор, 1969, №6, С. 51-57.
- 4 Жанысбекұлы Т. Тасөрнек. – Алматы, 1999, -64 б.
- 5 Өкенұлы С. Тоқсанбай – қоныс емес, қала болған//Айқын, 05.11.2005.
- 6 Жалғасұлы А. Сарматтардың қазақ жеріндегі (Үстірт) тарихи-мәдени ескерткіштері// Каспий-Арал мәдени мұралары. – Ақтау, 2007, 253-257 бб.
- 7 Қасенов М.С. Үстірттегі қалалар мен мекендер//Арал-Каспий мәдени мұралары. – Ақтау, 2007, 175-179 бб.
- 8 Шалабаев С. және т.б. Маңғыстау. – Алматы, 1973, -220 б.
- 9 Көшбаев О. Қызылқала – өркениет ордасы//Маңғыстау, 16, 21. 07. 2005.
- 10 Көненің көздерінің көбі әлі зерттелмей жатыр... //Маңғыстау, 01.01.2009.
- 11 Басенов Т.К. Архитектурные памятники районе Сам. – Алма-Ата, 1947, -50 с.
- 12 Толстов С.П. Древний Хорезм. Опыт историко-археологического исследования. – Москва, 1948, -352 с.
- 13 Аджигалиев С.И. Генезис традиционной погребально-культурной архитектуры Западного Казахстана (на основе исследования малых форм). – Алматы: Ғылым, 1994, -260 с.

*В этой статье рассматриваются археологические источники в топонимии Мангистауской области.*